**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 қазандағы N 1051 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14. N 765 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006.08.14.* N 765 *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әкелінетін тауарларға кеден бажының ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 14 қарашадағы N 1389 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 46, 450-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

мына:

"2201 Сулар, табиғи немесе жасанды минералды, газды, қант немесе басқа да тәттілендіретін немесе дәмді-хош иісті заттар қосылмаған суларды қоса алғанда; мұз бен қар 20, бірақ 1 кг үшін 0,25 ЕВРО-дан кем емес"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"мыналардан басқа:

2201 90 000-ден Құбырлардан өтетін шаруашылық-ауыз су және техникалық мақсаттарға арналған басқа да ауыз су* 0".

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразиялық экономикалық қауымдастық Интеграциялық комитетінің Хатшылығына Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабарласын.

3. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап отыз күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н  Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*
*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК